



«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бағдарлама

1. Жалпы ережелер

1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін «Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - Қоғам) қызметімен таныстыру тәртібін айқындайды.

2. Бағдарлама «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қоғамның Жарғысына және директорлар кеңесінің қызметін регламенттейтін өзге де құжаттарға сәйкес әзірленді.

3. Қоғамда Директорлар кеңесінің мүшелерін даму жоспарларын, құрылымын, іскерлік практикасын және корпоративтік басқару практикасын қоса алғанда, қоғам қызметімен барынша жедел, толық және тиімді таныстыру қамтамасыз етіледі.:

1) Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғам қызметінің сипатын, Директорлар кеңесінің басқару жүйесіндегі рөлін, өз құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, Директорлар кеңесі жұмысының қағидалары мен рәсімдерін түсінуін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшесінің қоғамның даму жоспарларымен, қызметінің түйінді көрсеткіштерімен және қаржылық есептілігімен танысуы;

3) Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасының мүшелері арасындағы коммуникацияны қамтамасыз ету.

2. Лауазымға енгізу тәртібі

4. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу Жалғыз акционер сайлаған кезден бастап бір айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

5. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кірісу процесінде жәрдем көрсетеді.

6. Лауазымға кіріспе келесі іс-шаралардан тұрады:

1) Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы бұйрығымен танысу;

2) 1-қосымшаға сәйкес Қоғам, Директорлар кеңесі, Қоғам жұмыс істейтін сала және оның бәсекелестік позициялары туралы ақпаратты танысу үшін ұсыну.

3) Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар Кеңесімен, Басқармамен танысу.

7. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін Жалғыз акционердің сайлау туралы бұйрығымен таныстыруды Корпоративтік хатшы осы құжатты Директорлар кеңесінің мүшесі үшін қолайлы тәсілмен ілеспе хатпен бірге жіберу арқылы жүзеге асырады.

8. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін қоғам және директорлар Кеңесі туралы ақпаратпен таныстыру мақсатында корпоративтік хатшы 1-қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын қалыптастырады және оны директорлар кеңесінің мүшесіне алдын ала келісілген тәсілмен жібереді.

9. Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар Кеңесімен, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің Басқармасымен танысу мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- Директорлар Кеңесінің Төрағасымен, Директорлар Кеңесінің басқа мүшелерімен жеке кездесулерді іске енгізу және жұмыс ерекшеліктерін, өзге де мәселелерді талқылау үшін өткізу;

- Басқарма Төрағасы-Ректормен және Басқарма мүшелерімен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жекелеген басшыларымен кездесулер;

- Ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесу;

- корпоративтік хатшымен кездесулер және тұрақты өзара іс-қимыл жасау.

10. Директорлар кеңесі мүшесінің сұрауы бойынша Корпоративтік хатшы оған Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмыс мәселелері бойынша кеңес айтады, оның ішінде:

1) Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін іске асыру мәселелері, жауапкершілігі мәселелері бойынша түсіндіру;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу рәсімдері;

3) Директорлар кеңесі Комитеттерінің және Басқарманың Директорлар кеңесі алдындағы есептері;

4) Директорлар кеңесінің қызығушылық танытқан мүшесінің қысқаша сипаттамасы;

5) Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасында болған өзгерістер туралы хабардар ету.